

Қызылжар ауданының санаторлық-курорттық емделуге мұқтаж жеке санаттағы азаматтарына әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 1 наурыздағы N 22/3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 31 наурызда N 13-8-120 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 шілдедегі N 7/5 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2012.07.30 N 7/5 Шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-V Бюджеттік кодексінің 56-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына сәйкес аудандық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. Қызылжар ауданы азаматтарына санаторлық-курорттық емделуге ә л е у м е т т і к к ө м е к :

Ұлы Отан соғысына қатысушыларына;

Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысы қатысушыларына жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға;

Соғысқа қатысушыларына жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген басқа санаттағы тұлғаларға;

Көп балалы аналар, «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталғандар немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сонымен қатар III дәрежелі «Аналық атақ» орденімен марапатталғандарға;

«Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңына сәйкес ақталған тұлғаларға к ө р с е т і л с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2010.06.09 N 25/5; 2011.03.28 N 33-6 Ш е ш і м і м е н

2. «Қызылжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі - уәкілетті органы жоғарыдағы көрсетілген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлем тағайындау мен төлеуді қамтамасыз е т с і н .

3. «Жергілікті үкімет органдарының шешімі бойынша жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек» 451-007-000 бағдарламасы бойынша қарастырылған, Қызылжар ауданы бюджетінің қаражаты есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге қаржыландыру шығынын жүргізісін.

4. Осы шешім 2010 жылғы 1 қаңтардан пайда болған құқықтық қатынасқа т а р а т ы л а д ы .

5. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
с е с с и я с ы н ы ң т ө р а ғ а с ы ,*

мәслихат хатшысы *А. Молдахметова*

К Е Л І С І Л Г Е Н :

Қызылжар ауданының әкімі *Қ. Пшенбаев*

*« Қ ы з ы л ж а р а у д а н ы н ы ң
ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж ә н е
ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р
б ө л і м і » м е м л е к е т т і к*

мекемесінің бастығы *Н. Сұлтанғазин*

*« Қ ы з ы л ж а р а у д а н д ы қ
э к о н о м и к а ж ә н е б ю д ж е т т і к
ж о с п а р л а у б ө л і м і »*

мемлекеттік мекемесінің бастығы *А. Фролова*

*« Қ ы з ы л ж а р а у д а н д ы қ
қ а р ж ы б ө л і м і » м е м л е к е т т і к*

мекемесінің бастығы *Л. Шайхлесова*